

**БАЛАБАҚШАДА БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛДІК ҚАРЫМ.ҚАТЫНАСЫН
ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
МӘСЕЛЕСІ****Адилбаева Г.Е.***Шыршық мемлекеттік педагогика университеті
Мектепке дейінгі білім факультеті 2-курс студенті*

Андатпа. *Мақала мектеп жасына дейінгі балалардың сөз қоры мен сөйлеу дәрежесі жайлы.*

Abstract. *The article is about vocabulary and level of speech of preschool children.*

Кілт сөздер: *бала, мектеп жасына дейінгі, педагогика, сөз қоры.*

Key words: *child, preschool age, pedagogy, vocabulary.*

Мектепке дейінгі педагогика әр түрлі реакциялық идеялардың әсерін жеңе отырып, шетел педагогикасының озық ойларын, орыс, қазақ педагогикасының, педагогтарының, ойшылдарының аса бағалы айқирлерін пайдалана отырып жетілді. Мектепке дейінгі педагогика ғылым ретіндегі бастамасы XVII ғасырда қалыптасты.

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөз қоры мен сөйлеу дәрежесі жайлы ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге назар аударсақ, көрнекті психолог-педагог ғалымдарбаланың сөздерді меңгеру ерекшеліктерін егжей-тегжейлі қарастырғанын байқауға болады. Мысалы, баланың сөздің негізгі мәнін түсінуі туралы (Л.С. Выготский, А.А. Люблинская, т.б.), сөздің дыбыстық құрамын меңгеру заңдылықтары туралы (Е.А. Аркин, Ы.А.Рыбников), т.б. жазылған еңбек осының айғағы.

«Балабақша оқыту және тәрбиелеу бағдарламасында»: «Баланы сөйлеуге үйрету-тілін дамыту мәселесі барлық сабақта жүзеге асырылады», - делінген.

Е.И.Тихеева көрсеткендей, бұл ана тілі оның кедергісіз, жан – жақты дамуы тәрбиенің негізі болып табылады. Тіл дамыту барлық педагогикалық ғылым сияқты жалпы ғылымға енеді. Оның методологиялық негізі тіл және ойлауға үйрену болып табылады. Тіл – басты қарым – қатынас құралы болып табылады. Ойлау – тіл сияқты қалыптасып дамиды. Адамдардың еңбек әрекеті барысында дамиды, қоршаған адамдар мен тұрмысының көрінісі болып табылады.

Психологиялық еңбектерге жасалған талдау негізінде балалардың сөйлеуін қалыптастырудың ерекшеліктері анықталды:

- қоршаған дүниені танып-білуі арқылы сөздік қоры молайып, сөзбен әрекет жасау үрдісінде ана тілінің заңдылықтарын меңгереді;

- бала өз ойын байланыстырып, логикалық түрде жеткізуге жаттығады, талқылаулары интеллектуалдық тапсырмаларды шешу амалдарына айналады;

-қоршаған дүние туралы шығармашылық әңгіме құрастыруда практикалық және интеллектуалдық (тапсырмаларды) орындауда тілдің жоспарлаушылық функциясы қалыптасады;

-байланыстырып сөйлеуде саналы қарым-қатынас қалыптасады, ол іс-әрекеттің ерекше түрі болып табылады;

-тіл нақтылы педагогикалық жағдаяттардан жан-жақты күнделікті қарым-қатынас құралына айналып, баланың байланыстырып сөйлеуі дамиды.

Тіл табысып өзгелермен қатынас орнату әрбір адамның өзіндік талғам-тілегін, ықылас-ынтасын жалпы адамға деген адами көзқарасын жете түсінуді талап етеді. Қарым-қатынас нәтижесінде адамның кісілік қасиеті, өзгелерге деген қамқорлығы мен жанашырлық сезімі, гуманитарлық көзқарасы қалыптасады. Адам өзін өзгелердің орнына қойып, байқап оның ішкі дүниесінің сырын да барлапбіледі.

Басқа адамдармен араласу нәтижесінде адам жалпы адамзаттық тәжірибені, тарихи қалыптасқан әлеуметтік норманы, бағалылықтарды, іс-әрекеттің тәсілдері мен білімдерін меңгереді, сонымен бірге жеке тұлға ретінде қалыптасады. Яғни қарым-қатынас адамның психикалық процесі, күйі, мінез-құлқы туындап, қалыптасып, дамитын әмбебап шынайылық деп анықтауға болады.

Қарым-қатынас баланың қалыпты психикалық дамуының бөлінбес шарты және маңызды факторы. Айналадағы адамдармен қарым-қатынасқа қажеттілік адамда бірінші дәрежелі мәнге ие. Бала соған байланысты адаммен сабақтас әсерлерге ерекше назарын аударды деуге болады. Мектепке дейінгі жас баланың айналадағы адамдармен қарым-қатынасының дамуының маңызды кезеңі.

Кішкентай бала ересектермен қарым-қатынасқа түсу арқылы адамзат тәжірибесін игереді. Міне сондықтан да қарым-қатынас баланың жалпы психикасы дамуының басты факторы.

Мектепке дейінгі балалардың тілін дамыту мәселесі үнемі даму үстінде, жаңа ғылыми зерттеулермен, жаңа идеялармен толығуда. Соңғы кездегі ғалымдар еңбегінде тіл дамыту, тіл дамытудағы әдістер, тездетіп оқыту, тілдік қатысымға үйрету жаңа техника мен жаңа оқыту технологиясы туралы пікірлер басым орын алуда. Ол ғалымдарды атайтын болсақ: О.Е.Сергеева, В.В.Дронов, С.Ю.Ремизова, М.В.Дружина, Е.И.Пассов, Б.И.Бадмаев, Е.В.Клюев, Е.О.Смирнова, С.Г.Яковсон.

А.М.Бородич: Байланыстырып сөйлеу – адамдардың өзара түсінісуін қамтамасыз ететін мағыналы сөздердің сөйлемдегі жүйесі” десе, Ф.А.Сохина: “Байланыстырып сөйлеу дегеніміз – белгілі бір ойды жүйелі, анық, грамматикалық тұрғыдан алғанда дұрыс және бейнелі түрде жеткізу болып табылады” деп қарастырады. Сонымен байланыстырып сөйлеу – отбасында және балабақшада іске асатын бала тілінің дамуының тиімділігінің көрсеткіші.

Психологиялық еңбектерге жасалған талдау негізінде балалардың байланыстырып сөйлеуін қалыптастырудың ерекшеліктері анықталды:

- қоршаған дүниені танып-білуі арқылы сөздік қоры молайып, сөзбен әрекет жасау үрдісінде ана тілінің заңдылықтарын меңгереді;
- бала өз ойын байланыстырып, логикалық түрде жеткізуге жаттығады, талқылаулары интеллектуалдық тапсырмаларды шешу амалдарына айналады;
- қоршаған дүние туралы шығармашылық әңгіме құрастыруда практикалық және интеллектуалдық (тапсырмаларды) орындауда тілдің жоспарлаушылық функциясы қалыптасады;
- байланыстырып сөйлеуде саналы қарым-қатынас қалыптасады, ол іс-әрекеттің ерекше түрі болып табылады;
- тіл нақтылы педагогикалық жағдаяттардан жан-жақты күнделікті қарым-қатынас құралына айналып, баланың байланыстырып сөйлеуі дамиды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ә.С.Әмірова, К.А.Анартаева Тіл дамыту әдістемелік құрал. – Алматы: Ғылым, 2006.
2. Б.Баймұратова Мектеп жасына дейінгі балалардың байланыстырып сөйлеу тілін дамыту. – Алматы: Мектеп, 2006
3. Қ.Меңдаяқова Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытудың ғылыми негіздері. – Алматы: Ғылым, 2007.
4. «Бала мен балабақша» журналы, 2010ж.
5. Ұстаз «Балбөбек» ғылыми – әдістемелік журналына қосымша, Орал-2005ж№1
6. Н.Ақбай «Кел балалар ойнайық», Алматы - 2006ж
7. Мектепке дейінгі тәрбие, 1991ж №5